

**Солтүстік Қазақстан облысы**
**Уәлиханов ауданы**
**Бидайық орта мектебінің**
**даярлық тобының тәрбиешісі**
**Катаева Асыл Асқарқызының**
**сабақ жоспары**

## *Ұйымдасқан оқу әрекетінің технологиялық картасы*

***Бөлім**: Өзін-өзі тану.*

***Тақырыбы**: Дос болайық бәріміз.*

*«Дос-бәрінен де қымбат» Мақал*

### *Мақсаты:*

*1. Тақырыпты өмірмен байланыстыра отырып, мазмұнын ашу. Достық туралы білім деңгейін кеңейту, нағыз досты тани білуге үйрету.*
*2. Оқушылардың өзіндік ойларын еркін жеткізе білуге, досты қадірлеуге және тіл байлықтарын, түсініктерін қалыптастыру.*
*3. Адам бойындағы адамгершілік қасиеттерді сақтай білуге, адалдыққа, достыққа тәрбиелеу.*

***Сабақ әдісі:** Сұрақ-жауап, түсіндіру, ойын, көрнекілік.*

***Сабақ көрнекілігі:** Плакат, оқушылардың жұмыстары, жазылған мақал – мәтелдер, шарлар, суреттер.*

| ***Әрекет кезеңдері:*** | ***Тәрбиешінің кезеңі:*** | ***Балалардың әрекеті:*** |
|---|---|---|
| ***Қызығушылығын ояту:*** | *Балалар шеңберге тұрады.*<br><br>*Қол алысып кәне біз,*<br>*Достасайық бәріміз.*<br>*Тілегім көп сіздерге,*<br>*Тек тұрыңдар шеңберге*<br>*Қандай жақсы бір тұру,*<br>*Достарменен бір жүру* |  |

| | | |
|---|---|---|
| | *- Балалар, біз қайда жиналдық?*<br><br>*- Адамдар шеңберге тұрғанды неліктен жақсы көреді?* | *- Біз достық шеңберіне жиналдық.*<br><br>*- Өйткені шеңбердің бұрышы болмайды.*<br><br>*- Өйткені бақыт, қуаныш, достық адасып қалмайды.* |
| ***Ізденістерін ұйымдастыру шы:*** | *Достық дегенді қалай түсінесіңдер?*<br>*Достар қандай болады?*<br><br>*Достықтың қандай түрлері бар?*<br><br>*Оны қалай ажыратамыз?*<br><br><br>*Ендеше, бүгінгі тақырыбымыз қалай аталады деп ойлайсыңдар?*<br><br><br>*- Дос, достық туралы өлең шумақтарын білесіңдер ме?*<br><br><br><br><br><br><br>*Ендеше **«Дос-бәрінен де қымбат»** деген мақалды бүгінгі сабақтың дәйексөзі ретінде алайық.*<br>*- Дос-қиналғанда қол ұшын беретін,алыста жүрсе сағынатын,қолындағыны беретінін,қиналғанда жанынан табылатынын адамдар.*<br><br>***Сергіту сәті***<br>*Достар бірге жүреміз*<br>*Бірге ойнаймыз, күлеміз* | *Жалғыз жаман,қызық емес.*<br>*Тату,адал,қамқор болу керек.*<br>*Адал,өтірік,пайда ойлайтын дос.*<br>*Жасаған қылықтарынан, айтқан сөздерінен.*<br><br><br>*Достық туралы.*<br><br><br>*Нұрмұхан өлең оқиды.*<br><br><br><br><br>*Есте сақта.* |

| | | |
|---|---|---|
| | *Бірге балық аулаймыз*<br>*Міне, біздер қандаймыз!*<br>*Бөлінбейді іргеміз,*<br>*Өйткені біз біргеміз!*<br><br>***Өзімен-өзім***<br>*Сенің доың қандай болғанын қалайсың? Достарын ойдан сипаттау.*<br><br>***“Жалғастырып көр” ойыны.***<br>*а) Әрбір адамға дос керек. Өйткені...*<br><br>*ә) Менің сыныптастарыма немесе досыма тілегім...*<br><br>*Дәптермен жұмыс **«Достасу қадамдарын бояу»***<br><br>***Достық ережесі:***<br>• *Жолдасқа көмектес .*<br>• *Өз білгеніңді оған да үйрет.*<br>• *Жолдас жетістігіне қуан.* | *Қосыла айтып қимыл жасау.*<br><br>*Менің ойымша менің шын досым менімен ойнайтын,заттарымен бөлісетін,қорқақ емес,мен жақта тұратын.*<br><br>*Шар үрлеп, ішінде сөйлемдерді жалғастыру.*<br><br>*Түрлі-түсті қарындаш-тар көмегімен дәптердегі тапсырманы тиянақты, таза, әдемі орындау*<br><br><br><br>*Ұмытпай есте сақтау. Бәрі-бірге қосылып айту.* |
| ***Рефлексивті түзету:*** | ***Жүректен жүрекке***<br>*Күйтаспада айтылатын, «Жан досым» өлеңіне қосылып ән айтуға.* | *Тыңдау, қосылып айту.* |

## ***Күтілетін нәтиже:***

***Білу керек**: Достықтың қадірін түсіне,өзі де жақсы дос болуға ұмтыла.*

***Білді:** Доссыз адам жалғыз екенін, көңілсіз болатынын, сағынатындарын түсінді. Досқа адал, берік болу керектігін.*

***Айта орындай алады:** Әңгімелер оқылып, тақырып мағынасы ашылды,достық ережелерін толық меңгеріп.*